

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

17.07.21.

## **Н. ҒАБДУЛЛИННИҢ «БІЗДІҢ ЖІГІТ» РОМАНЫНДАҒЫ ПРОТОТИП МӘСЕЛЕСІ (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)**

*Қайырбек КЕМЕҢГЕР*, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының қауым. профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
*Айгүл ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ*, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының 2-курс  
докторанты, Астана, Қазақстан

*Аңдатпа:* Мақалада қаламгер Нығмет Ғабдуллиннің ғылыми интелленция туралы жазылған «Біздің жігіт» романы талданып, шығармадағы көркемдік шындық пен кейіпкерлер әлемі поэтикалық тұрғыдан сараланады. Романды жазушының қаламдас замандастарының шығармаларымен салыстыру арқылы кезеңнің әлеуметтік шындығын көрсету көзделеді. «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесіне байланысты зерттеу жүргізіліп, ғылыми тұжырымдар жасалады. Шығарма кейіпкері Ә. Омаров бейнесінің ашылуына академик С. Қасқабасовтың да тағдыры себеп болғаны пайымдалады. Зерттеу барысында әдебиеттану ғылымында қалыптасқан хронологиялық, салыстырмалы, сипаттау, баяндау және жүйелеу әдістері қолданылады.

*Түйін сөздер:* Н. Ғабдуллин шығармашылығы, қазақ прозасы, прототип мәселесі, көркемдік шындық, тарихи шындық, кейіпкер әлемі, замандас бейнесі.

Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану тарихындағы белгілі есім Нығмет Ғабдуллиннің (1927-2005) әдеби-шығармашылық және ғылыми мұрасын зерттеп, талдағанда туындыларындағы замандас тұлғасы жайлы мәселеге қатысты деректерді кездестіруге болады. Оған қаламгердің осы тақырыпта газет беттерінде жарияланған сын мақалалары мен қазақ прозасы жайындағы зерттеу еңбектері дәлел бола алады. Қаламгердің «Қазақ әдебиеті» газеті редакторлығы қызметінен біржола босап, әдеби шығармашылыққа, ғылымға бет бұрған кезінде зерттеу жұмысы осы тақырыпқа арналады. Бұл туралы замандасы, академик С. Қирабаев естелігінде былай деп көрсетеді: «...Сөйтіп біз Нығметті КазПИ-ге, өзі оқыған қара шаңыраққа шақырып алып едік. Ол келе сала «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа адамды бейнелеу проблемаларын» зерттеуге кірісті. Ұнамды кейіпкер проблемасы сол дәуірдегі әдебиеттің де, әдебиет ғылымының да ең бір өзекті мәселесі болатын» [1; 23].

Қазақ әдебиеті тарихында ғылыми орта, ғылым жолы туралы жазылған көлемді прозалық шығармалар С. Ерубасовтың «Менің құрдастарымнан» басталса, кейін бұл тақырып З. Шашкиннің «Доктор Дарханов», І. Есенберлиннің «Аманат», Д. Досжановтың «Фараби», А. Машановтың «Әл-Фараби», Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», М. Мағауиннің «Көкмұнар»

сияқты шығармаларымен дамыды. Осы туындылардың жалғасы ретінде Н. Ғабдуллиннің «Сын» повесі мен «Біздің жігіт» атты романын атай аламыз. Жоғарыда аталған туындыларда ғылым ортасы, ондағы қарапайым адамның көзіне көріне бермейтін кейбір «құпия сырлар» көркем шындыққа айналған. Сол арқылы қоғамның бейнесі, ондағы түрлі қайшылықтар да шынайы көрсетілген.

Алғаш рет «Біздің жігіт» романның үзінді қаламгердің 60 жас мерейтойы қарсаңында, яғни 1987 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 29 желтоқсандағы № 298 санында «Қақтығыс» деген атаумен жарияланды. Мақала басында редакция алқасы жазушыны мүшелді тойымен құттықтай отырып, роман туралы: «...Жазушы қазір ғылыми интеллигенция өмірінен жаңа роман жазып жүр. Шығарманың оқиғасы жаңа ой мен кертартпа көзқарастың, адалдық пен арамдықтың, ғылымның қиын жолындағы ерлік пен ездіктің күрес – тартысы негізінде өрістейді» [2],- деп сипаттайды.

Ал романның толық нұсқасы 1993 жарық көреді. Шығарма сюжеті тартымды, тілі жеңіл. Роман тез оқылады. Басты кейіпкер Әділбек Омаров – ғылым жолында жүрген жас ізденуші. Шығарма желісі бас кейіпкердің өмір жолы, ғылымға жетелеген асқақ арманы, ғылым жолындағы адалдығы мен мамандығына деген сенімі негізінде өрбиді. Роман шегініс арқылы баяндауға құрылған. Әділбек кездейсоқ жол апатына ұшырап, ауруханада жатқан кезінде өткен өміріне көз жүгіртіп, ғылым жолында кездескен қиыншылықтарды есіне түсіреді. Мектепті үздік тәмамдап тұрса да, анасының сырқатына алаңдап бірден жоғарғы оқу орнына түсуге құжатын тапсырмайды. Келесі жылы өзі қалаған Педагогикалық институттың Филология факультетіне оқуға түседі. Емтихан тапсыру барысынан-ақ әділетсіздікке куә болады. Студент кезден жеке өмірі мен ғылым жолында әділдіктің жақтаушысы ретінде танылады. Таңдаған жары Ұлбазар да география секілді мамандығын сүйетін жан. Әділбек қандай жағдай болса да әділдіктің болғанын қалайды, сол үшін күресе де біледі. Ғылым жолындағы қиыншылықтар мен әділетсіздікке кандидаттық диссертациясын қорғау кезеңінде бетпе-бет қарсы тұруға тура келеді. Ізденушінің тақырыбы: «Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі аңыздық прозаның жанрлық ерекшеліктері». Тақырыбын толық меңгеріп, қорғауға дайын болса да, «түсініксіз бір жайттар» оның қорғауын кейінге қалдырады. Жасырын дауыс дайын жұмысына қарсы болады. Бірақ білімі мен біліктілігіне сенімді Әділбек ғылыми жұмысын Ленинград университетінің Филология факультетінде сәтті қорғап шығады. Бұл романның қысқаша мазмұны.

Филология ғылымдарының докторы, академик Б. Омарұлы романдағы ғылым адамдарының бейнесін топтастыра келе, туынды туралы көлемді мақала жазды. Ғалым мақаласында үш тұлғаны атап көрсетеді: «Екеуінің мақсаты белгілі. Бірі – мейірімді, тек жақсылық ойлайтын, әділдікті аяқ асты етуге көнбейтін жан. Екіншісі – ерегіскенін сүріндірмей тынбайтын, бұл мақсаты үшін ғылым жолын да пайдаланудан тайынбайтын, және де онысын жасырмайтын кісі. Ал үшіншісінің бағыт-бағдары белгісіз, әлгі екеуінің қай жеңгенінің жақтасы бола кетуге әзір тұратындардың жиынтық бейнесі – сол. Ең қауіптісі де осы. Мұндайлар желдің қай жағынан соғатынын тез аңғарады. Түптеп келгенде

талант тағдыры әлгі үшеудің ортасында, солардың ортақ пікірінің негізінде шешіледі...» [3].

Жазушы М. Мағауин «Көкмұнар» шығармасында профессор Бекмұхамедов Бюффонның «талант қашан да қажыр-қайрат пен төзімге байланысты» [4; 251] деген сөзін келтіреді. Бұл пікірмен толығымен келісуге болады. Бірақ Бюффон өз ойын «...ар жағы өзіңізге байланысты» [4; 252],- деп қорытындылайды. Осы «өзіңізге байланыстыда» тартыс туындайды. Ал тартыста көркем туындыда образ арқылы суреттелген шынайы өмірдегі адамдардың бейнесі барынша ашыла түседі. Бұл тартысты Әділбек пен басқа кейіпкерлердің арасынан ғана көрмейміз, сондай-ақ оны бас кейіпкердің ішкі жан дүниесінен де анық байқаймыз. Бас кейіпкер З. Қабдоловтың «Біз жанбасақ» диалогиясындағы Қабен мен М. Мағауиннің «Көкмұнардағы» Едігенің образымен сәйкес келеді. Үшеуінің бойынан да кәсібіне деген адалдық пен ұрпақ алдындағы шынайы мақсаттарын анық байқауға болады. Бюффон айтқан «қажыр-қайрат пен төзімнен» қашпайды. Шығармада бұл өмірлік шындық былай ашылады: «Бір жапырақ қатырма қағаз алу үшін бар қорлыққа көнесің. Бәкеннің дәрежесіне жетіп, ғалым атану оңай емес. Жілік майың үзілгенше кітапханада отырып, ақыры өліп-талып минимум тапсыру, тінтінектеп архивтер мен сирек кітаптар қоймасын ақтару, жоқтан-бардан құрап шатпақтап жаза беру... Мұның бәріне көнерсің, бәрі де қолыңнан келер. Ең қиыны – ақылды, ғұлама адамдармен ақылды, ғұлама кісіше сөйлесе білуге үйрену екен. «Оң жағыңнан ұрса, сол жағыңды тос»... Ең азабы, ақымақ, топас жанмен бетпе-бет отырып, оның бар иіс-қоңысын мұрныңмен, бүкіл жүйкеңмен сезіне отырып, ақымақсың, малсың деп айта алмау екен...» [4; 254]. Едігенің бұл ішкі тартысы Әділбектің де санасында орын алады. Бір айырмашылығы, ғылымдағы жолын анық көрген Едіге өзінің ғылыми жаңалығын біреуге бере салады. Істің ақ-қарасын ашпайды. Ал Әділбек өз жұмысы үшін күреседі. Үндемей қалуды ар санайды. Және өзінің мақсатты жұмысын дәлелдейді де.

Әділетсіздік пен арамдықтың бірнеше рет куәсі болып үлгерген студент Омаровтың ғылым туралы, өмір жайлы пікірі жастайынан-ақ қалыптасады. Кейіпкер бұл жайында іштей мынадай философиялық толғаныстар жасайды: «Мен бұрын ойлайтын едім, кімде-кім талпынған нәрсесіне жете алмаса, бұған ең алдымен өзі кінәлі деп. Мектепте оқып жүрген кезімізде бәріміздің арманымыз ірі болатын. Сол арманға сөзсіз жетеміз, мақсатымыз айқын, алдымыз ашық, жолымызды тұман баспайды, шырғалаңға түспейміз деп ойлайтұғым. Әрине, барлық адамның қабілеті, білімі, қажыр-қайраты, ерік-жігер күші бірдей болмайтынын түсінетінмін. Осы сапалары жағынан бағалағанда, бірінші қатарда тұрғандардан көш артында тұрғандар озып кетеді деп әсте санамайтынмын. Кейін ұқтым: бұл – кітаптан үйренген ережем екен. Ал өмірдің өзі оқытатын сабақ бұдан өзгереді те, әлдеқайда күрделірек те екен...» [5; 34]. Өмірдің осы күрделі жолында жас ізденуші бағыт-бағдарын жақсы білді. Сол бағыттан тайынбады да. Ол таңдаған бағыты – әділдік жолы. Әділбек Асандардың арбауына түспеді, Жолмырзалардың шынайы бет-жүзін тани білді, Қожағали Сенбиновичтердің қаһарынан қорықпады.

Кез-келген көркем туынды толығымен шынайы өмірдің көшірмесі болуы шарт емес, дегенмен шығармада белгілі бір ақиқат оқиғалар суреттелетіні анық. Демек, жоғарыда көрсетілген кейіпкерлердің түпбейнесі өмірде де бар. Бұған автордың роман туралы пікірі де дәлел болады: «Менің барлық көркем туындыларымның негізгі тақырыбы – өз заманымыздың шындығы. Менің сүйікті кейіпкерлерім – өз замандастарым. Шығармада солардың өмірін шыншыл әңгімелеуге тырысамын, ешнәрсені де ойымнан қоспаймын» [1; 225]. Автор өзі қанық ғылым жолы, ғылым ортасы туралы кейбір «жұмбақтардың» сырын осылайша ашып береді.

Шығармадағы бас кейіпкер Әділбек Омаров – жазушы өмір сүрген заманның зиялы адамы, ғылым жолын қуған көзі ашық, көкірегі ояу саналы перзенті. Ол сонысымен бізге жинақталған бейне ретінде көрінеді. Оның тегі мен институт ректоры тегінің бір болатыны бізге автор Нығмет Ғабдуллин мен КазПИ ректоры болған Мәлік Ғабдуллинді еске түсіреді. Романда ректор екеуінің бір өңірде туып-өскені де бұл пайымдауымыздың шындыққа жанасатынын айғақтайды. Мәлік Ғабдуллин мен Нығмет Ғабдуллин Көкшетау жерінің тумалары екені белгілі. Романдағы ректор Омаров пен кейіпкер Омаров та бір өңірдің адамдары болады. Кейіпкер Әділбек Омаров тағдырынан бұрынғы КазПИ, бүгінгі Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің белді профессоры, ұлағатты ұстазы болған Серік Мақпырұлы бейнесін де байқай аламыз.

Сондай-ақ жазушы Н. Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы бас кейіпкер басында өткен оқиғаларға көрнекті ғалым, академик Сейіт Қасқабасовтың тағдыры да арқау болған деген тұжырым айтуымызға негіз бар. Оған айғақ – ғалым Сейіт Қасқабасовтың осы мәселе бойынша бізге ауызша берген естелігі және шығарма сюжеті мен өмірдегі тарихи оқиғалардың көп жағдайда ұқсастығы. Өмірдегі С. Қасқабасов та, шығармадағы кейіпкер Ә. Омаров та Педагогикалық институттың филология мамандығын бітіреді. Бас кейіпкер Әділбек Омаровтың зерттеген диссертациялық тақырыбы мен Сейіт Қасқабасов ғылыми еңбегінің мазмұны жақын. С. Қасқабасов «Қазақ халық прозасының жанрлары» атты тақырыпта докторлық диссертациясын Мәскеуде қорғайды. Кейіпкер Ә. Омаров «Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі аңыздық прозаның жанрлық ерекшеліктері» атты тақырыпта диссертациясын Ленинградта аяқтайды. Шығармадағы кейіпкер Ә. Омаров та, өмірдегі С. Қасқабасов та жол апатына ұшырағандары шындық. Денсаулықтарына зақым келсе де, қайрат пен жігер танытып, таңдаған ғылыми ізденіс жолынан таймайды. Осындай бірнеше ұқсас жайтты ескере отырып, Н. Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романының бір прототипі – академик Сейіт Қасқабасов деген қорытынды жасай аламыз.

Шығарма сюжетіне арқау болатын шынайы өмірдегі оқиғаларды айшықтау әлі де жалғаса береді. Кейіпкер бейнесін тану, оның болмысынан автор көздеген идеяны айқындау жіті зерттеулерді қажет етеді. Сондай-ақ роман сюжетіне себеп болған өзге кейіпкерлердің де өмірлік прототипі болуы мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Сол бейнелерді тани отырып, біздің қоғамда Жолмырзалар мен Қожағали Сенбиновичтердің болмағанын тілейміз. Бірақ өз

қамы үшін, «бір жапырақ қағаз» үшін біреуді алдап-арбап, болмаса жағынып жүретіндер жоқ деп кесіп айту да қиын екенін мойындаймыз.

Дегенмен «Ғылым ордасы, өнер ордасы – ақыл, ар ордасы. Бұл ордаларға тек ардан туған, арман қуған адам кіруге тиіс. Ақыл, ар ордаларының есігін ашқан әр адам тек ақылға ақыл, арға ар қосуға ғана келуі шарт. Масқара ғып, халықтың ғасырлар бойы көз шарасындай сақтаған кіршіксіз арына аз да болса зақым келтіретіндер ар ордасының маңына жүрмеуі керек» [6; 246],- екендігін ұмытпағанымыз абзал екенін ескереміз.

Қаламгер Нығмет Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романы 1996 жылы Қазақстан Жазушылар одағының «Алаш» әдеби сыйлығымен марапаталды. Оқырманның биік бағасын алған көркем туынды кейіпкерлері, оқиғасы шынайы өмірден алынды. Кеңес кезеңінде әділдік туын биік ұстаған, ғылым жолын мұрат етіп, сол бағытта қиындықтарға төзе білген бас кейіпкердің образы – бүгін де көпке үлгі болатын күрескер бейне. Роман сонысымен де оқырманын тауып, өнеге сыйлайтын шығармалар қатарынан табыла береді деп білеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нығмет Ғабдуллин: Қаламгер, ғалым, педагог (профессор Нығмет Ғабдуллиннің туғанына 80 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары). – Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2009. – 229 бет.

2. Нығмет Ғабдуллин. Қақтығыс// Социалистік Қазақстан. – 1987. – 29 желтоқсан.

3. Бауыржан Омарұлы. «Біздің жігіт» оқырман қауым назарына // Жас Алаш. – 1994. – 29 қазан.

4. Мағауин М. Шығармалар жинағы: он үш томдық. 1960-2002 ж. – Алматы: Қағанат – ҒМО баспасы, 2002 – Бірінші том. Әуелгі әңгімелер. Тазының өлімі. Қара қыз. Көк мұнар. Бір атаның балалары. 1960 – 1973. – 549 бет.

5. Ғабдуллин Н. Біздің жігіт: Роман. – Алматы: Балауса, 1993. – 208 бет.

6. Қабдолов З. Біз жанбасақ... Дилогия. Алматы, Жазушы, 1974. – 440 б.

### **С.А. ҚАСҚАБАСОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ**

*Жанбота КАРИПБАЕВ*, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті  
кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Академик Сейіт Асқарұлы Қасақабасовтың отандық фольклортану ғылымына қосқан үлесі орасаң зор. Ғалым өзіне дейін назар аударылмай келген фольклор салаларына алғаш назар аударып, жекелеген жанрлардың қазақ фольклорында да бар екенін анықтап, олардың нақты сипаттамасын жасады.